

## Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 18 тамыздағы N 1166 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 16 шілдедегі N 1617 Жарлығы

Президент пен Үкімет

актілерінің жинағында

(ПҰАЖ) жариялануға тиіс

Ақпараттық технологиялардың жаңа саласын құру және Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық және инновациялық әлеуетін дамыту мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 18 тамыздағы N 1166 Жарлығына (Қазақстан Республикасы ПҰАЖ-ы, 2003 ж., N 33, 322-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағы туралы ережеде:

1-тармақтың екінші абзацындағы "340" деген цифрлар "342,9" деген цифрлармен ауыстырылсын;

3-тармақ 7) тармақшасындағы "болып табылады" деген сөздер алып тасталып, мынадай мазмұндағы 8), 9) және 10) тармақшалармен толықтырылсын:

"8) мәтіндерді өңдеуге арналған машиналарды, көшіру-көбейту жабдығын, мекен-жай машиналарын, калькуляторларды, кассалық аппараттарды, таңбалау машиналарын, билет-касса машиналарын шығару, басқа да офистік машиналар мен жабдықтарды, электрондық есептеу машиналарын және ақпарат өңдеуге арналған өзге де жабдықтарды шығару;

9) электр және радио элементтерін, таратушы аппаратура, дыбыс пен бейне қабылдауға, жазуға және бейнелеуге арналған аппаратуралар шығару;

10) тұрмыстық электр құралдарын шығару болып табылады.";

11-тармақтың жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"АЭА аумағында еркін кеден аймағының кедендік режиміне орналастырылған тауарлармен:

тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету;

тауарларды қайта өңдеу;

осы Ережеге сәйкес негізгі қызмет түрлеріне сай, АЭА құру мақсатына қол жеткізу үшін қажетті тауарлар мен жабдықтарды пайдалану және қолдану; тауарларды сатуға және тасымалдауға дайындау;

құрылыс және өнеркәсіп өндірісі технологиясының талаптарын орындау жөнінде операциялар жүргізуге рұқсат етіледі.";

"Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағы туралы ереженің жоспарына осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Президенті*

Қазақстан Республикасы Президентінің  
2005 жылғы 16 шілдедегі N 1617 Жарлығына  
ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы Президентінің  
2003 жылғы 18 тамыздағы N 1166  
Жарлығымен бекітілген ережеге  
ҚОСЫМША

**"Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық  
аймағы туралы Ережеге жоспар**

*Жоспарды қағаз мәтінінен қараңыз.*